Әділет

# Біржолғы талондардың құндарының мөлшерлері туралы

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2011 жылғы 30 қыркүйектегі N 29-5 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Күршім аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 25 қазанда N 5-14-138 тіркелді. Күші жойылды - Күршім аудандық мәслихатының 2012 жылғы 10 сәуірдегі N 2-10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Күршім аудандық мәслихатының 2012.04.10 N 2-10 шешімімен ( алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (Салық кодексі) 426 бабына және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес Күршім аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Күршім ауданы бойынша 2011 жылға біржолғы талондар құндарының мөлшерлері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Күштері жойылды деп танылсын:

"Біржолғы талондардың құнының мөлшері туралы" Күршім аудандық мәслихатының 2007 жылғы 24 мамырдағы N 28-5 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2007 жылғы 07 маусымда N 5-14-50 болып тіркелген, аудандық "Рауан" газетінің № 25 санында 2007 жылы 23 маусымда жарияланған) шешімі;

"Біржолғы талондардың құнының мөлшері туралы" 2007 жылғы 24 мамырдағы № 28-5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Күршім аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 сәуірдегі N 13-6 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2009 жылғы 07 мамырда N 5-14-83 болып тіркелген, аудандық "Рауан" газетінің № 25 санында 2009 жылы 20 маусымда жарияланған) шешімі;

"Біржолғы талондардың құнының мөлшері туралы" 2007 жылғы 24 мамырдағы № 28-5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Күршім аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 шілдедегі N 15-11 (нормативтік құқықтық

актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2009 жылғы 07 тамызда N 5-14-88 болып тіркелген, аудандық "Рауан" газетінің № 35 санында 2009 жылы 29 тамызда жарияланған) шешімі.

3. Осы шешім ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы Е. Аубакиров*

*Күршім аудандық мәслихаттың хатшысы Қ. Әбілмәжінов*

Аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 29-5 шешіміне қосымша

## Біржолғы талондардың құндарының мөлшерлері

| № | Сауда түрлері және тауарлар ассортименті | Әр сатушыдан бір күнге теңгемен |
|---|---|---|
| 1 | Базарларда тауар өткізетін жеке тұлғаларға біржолғы талондардың құны | |
| | Азық-түлік емес тауарлар | |
| 1.1 | Сауда алаңы 6 шаршы метрге дейін сөре үшін | 150 |
| 1.2 | Сауда алаңы 6 шаршы метрден асатын сөре үшін | 150 теңге + әр қосымша шаршы метр үшін 20 теңге |
| 1.3 | Әк тас | 50 |
| 1.4 | Полиграфия өнімдері (газет, журналдар) | 60 |
| 1.5 | Жануарлардың жем, шөбін сату | 90 |
| 2 | Азық түлік тауарлары: | |
| 2.1 | Ет | 239 |
| 2.2 | Тірі мал сату, соның ішінде: | |
| 2.2.1 | Қой | 195 |
| 2.2.2 | Ешкі | 105 |
| 2.2.3 | Ірі қара мал | 840 |
| 2.2.4 | Жылқы | 1500 |
| 2.3 | Сөреден бөлшек сауда көкөністер, жемістер, соның ішінде бақша өнімдері: | 63 |
| 2.4 | Сүт | 20 |
| 2.5 | Балмұздақ, сусындар | 90 |
| 2.6 | Саяжай учаскелерінен тұқым, көкөністер өнімдері | 53 |
| 2.7 | Темекі және күнбағыс тұқымы | 74 |
| 2.8 | Қақталған балық өнімдерін сату | 85 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 2.9 | Жаңадан ауланған балық сату | 212 |
| 2.10 | Бал сату | 37 |
| 2.11 | Орман жеміс, жидектерін сату | 32 |
| 3 | Қызметі ара-тұра сипаттағы жеке меншік тракторлармен жер учаскелерін өңдеу | 239 |
| 4 | Қызметі ара-тұра сипаттағы жеке жүк автомобильдерімен сауда жасау: | |
| 4.1 | Қызметі ара-тұра сипаттағы жеңіл автомобильдерден сауда жасау | 530 |
| 4.2 | Қызметі ара-тұра сипаттағы жеңіл автомобильдерден жануарлардың жем, шөбін сатумен айналысу | 90 |
| | Қызметі ара-тұра сипаттағы жүк автомобильдерінен сауда жасау | |
| 4.3 | Қызметі ара-тұра сипаттағы жүк автомобильдерінен сауда жасау | 1060 |
| 4.4 | Қызметі ара-тұра сипаттағы жүк автомобильдерінен жануарлардың жем , шөбін сатумен айналысу | 225 |
| 5 | Қызметі ара-тұра сипаттағы үй жануарларын жаю | 210 |
| 6 | Қызметі ара-тұра сипаттағы бөлшек сауда жасау (көкөністер, жемістер, соның ішінде бақша өнімдері): | |
| | өнімдер 100 кг. дейін | 45 |
| | өнімдер 100 кг. жоғары | 90 |
| 7 | Қызметі ара-тұра сипаттағы үй іргесіндегі қосалқы шаруашылықтарда өсірген малды сатқаны, ауыл шаруашылық жерінен өсірген өнімдерін бөлшек сауда жасағаны үшін (мал, сүт, көкөністер, жемістер, соның ішінде бақша өнімдері): | |
| | жылқы | 1800 |
| | ірі қара мал | 900 |
| | қой | 210 |
| | ешкі | 105 |
| | сүт | 10 |
| | бақша өнімдері | 45 |
| 8 | Қызметі ара-тұра сипаттағы жеке тұлғаларға (базардан тыс жерлерде) өзі өсіріп сатқан мал басы санына байланысты сауда жасау (сату үшін ауылдық округтен тек анықтама алған кезде жеке тұлғалардан алым алынады) соның ішінде: | |
| | қой | 105 |
| | ешкі | 55 |
| | ірі қара мал | 450 |
| | жылқы | 900 |

*Күршім аудандық мәслихаттың хатшысы Қ. Әбілмәжінов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК